

**Пән: Дүниетану**  
**Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:**  
**Жақсыдан үйрен, жаманнан**  
**жирен**  
**Күні: 17.10.18.**  
**Сынып: 3 «А»**

**Мектеп: №3**

**Мұғалімнің аты-жөні: Акишова Ш.Б.**  
**Қатысқандар саны: 14**  
**Қатыспағандар саны:**

Сабақтың тақырыбы	Біз – әрқашан біргеміз!	
Оқыту мақсаттары	<b>3.1.2.1 сыныптың өзін-өзі басқару ережелерін түсіндіру және өз нұсқасын ұсыну;</b> <b>3.1.2.2. түрлі көзқарастар жағдайында сыныпта ұжымдық шешімді қабылдау жолдарын түсіндіру.</b>	
Сабақ мақсаттары (Күтілетін нәтижелер)	<b>Барлық оқушылар:</b> – ұжымның не екенін біледі; – өзін-өзі басқарудың не екенін түсінеді; – сыныптағы өзін-өзі басқарудың ережесін құрастырады. <b>Көптеген оқушылар</b> – әртүрлі көзқарастар болған жағдайда ұжымдық шешімдерді қабылдай алады. <b>Кейбір оқушылар</b> өзін-өзі басқарудың үлгісін ұсынады.	
Тілдік мақсат	<b>Оқушылар:</b> – жауаптарын нақтылау үшін өмірден мысалдар келтіреді; оқулықтағы мәтіннен алынған ақпараттарды қолданады.	
<b>Пәнге қатысты лексика мен терминология:</b>	Өзін-өзі басқару, ұжым, ұжымдық шешім, үлгі.	
<b>Диалогке/жазылымға қажетті тіркестер</b>	Ұжым – ортақ қоғамдық мақсаттар мен міндеттер біріктірген адамдар тобы. Өзін-өзі басқару – өз істерін басқарудағы дербестік.	
<b>Талқыланатын мәселелер:</b>	Ұжым деген не? Сыныпты ұжым деп атауға болады ма? Ал отбасын ше? Сыныпты кім басқарады?	

	Бір сыныптың оқушыларында қандай ортақ мақсат бар?Сыныпты басқару деген не?Сыныпты кім басқара алады?	
Алдыңғы білімдер	Адам досымен мықты тақырыбына байланысты мақал- мәтелдер жаттау	
Сабақ жоспары		
Сабақ кезеңдері	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	
	<p>Күндей жарқырап,  Айдай арайлап,  Жұлдыздай жарқырап,  Судай мөлдір таза көңілмен  , Сабақты біз бастайық.</p> <p>Балалар маған қарап күлімдейміз,  Бір-бірімізге жылулық мейірімін төгеміз.  Орнымызға отырып, сабақты бастаймыз.</p>	
	<p><b>1. Сабақ тақырыбын тұжырымдау</b>  Бүгінгі сабағымызда өзін-өзі басқару туралы, ұжымдық шешімді қалай қабылдау керектігі туралы айтатын боламыз.  Сабағымыздың тақырыбы қандай болмақ?</p>	
Жаңа сабақ	<p><b>1. Үй тапсырмасының орындалуын тексеру</b>  <b>2. (Ұ) Сабақтың тақырыбы бойынша жұмыс. Мұғалім-оқушы диалогі</b>  – Ұжым деген не, өз ойларыңды айтыңдар.  – Сөздікті ашып, «ұжым» деген терминге қандай түсініктеме берілгенін оқыңдар.  Ақпарат көздерімен жұмыс.  <b>Ұжым</b> үлкен күшке ие. Бірнеше адам бірлесіп , жалғыз адамның шамасы келмейтін жұмысты атқара алады. Бірлесе білім алу да жеңіл. Сенің сыныбың да сол ұжымдардың бірі. Сен осы ұжыммен үшінші жыл бірге оқып жатырсың. Сыныпта достарың да көп. Оларды сен жақсы танып білдің.</p>	<p>Түсіндірме сөздіктер, ғаламтор желісі</p> <p>Оқулық</p>

	<p>Сен және сыныптастарың бірге оқып қана қоймайсыңдар, үзілістерде , сабақтан соң, бірге демаласыңдар, мерекелік іс-шараларды бірге дайындап өткізесіңдер.</p>	
	<p><b>3. (Ө) Саралау жұмысы.</b>  <b>Саралау. Оқулықтағы мәтінмен жұмыс.</b>  Мәтіннің бірінші бөлігін оқу  <b>Өзін-өзі басқару дегеніміз не?</b>  Сыныптағы кез келген мәселені өз күштеріңмен шешуге болады. Ол үшін өзін-өзі басқару ережесін қолдану керек. Өзін-өзі басқару – атқаратын ісін өз еркімен жүргізу.  Сыныпты басқару , маңызды шешімдер қабылдау ұжыммен бірлесе атқарылады. Мысалы: сыныпта аталып өтетін мерекелерді жүргізу іс-шараларын оқушылар бірлесе атқаруы керек. Сонда мерекелер қызық өтеді. Ұжымдық шешім мерекелік шараларға ғана емес, басқа да маңызды іске байланыстыбірлесе қабылдануы керек.</p>	
<b>Сергіту сәті</b>	<b>Ағылшын тіліндегі «Сергіту сәтін» жасту.Оқушылардың бәрі қимыл жасап билейді.</b>	
<b>Топпен жұмыс</b>	<p>Топта жұмыс істей отырып, 3 немесе одан да көп маңызды пункттен тұратын өзін-өзі басқарудың бірыңғай ережесін, дайын шаблонның негізінде өзін-өзі басқарудың меншікті үлгісін құрастыру.  Үлгі дегеніміз – заттың немесе үдерістің сызба түріндегі бейнесі.  1- топ: Біздің сынып оқушылары қандай деп ойлайсыңдар?  2- топ: Ұжым мүшелері қандай болу керек?  3- топ: Өзін –өзі басқару ережесін құр.  <b>Топтардың жұмыстарды сынып алдында көрсетуі.</b>  Әр топ өзінің жұмыстарын қорғады.  <b>«Екі тілек, бір жұлдыз» әдісі арқылы</b></p>	<p>Үлгіні дайындауға арналған дайын шаблондар қағаз, маркерлер</p>

	топтардың жұмыстарын бағалады. Өздерінің пікірлерін айтып , бөлісті.	
<b>Жұппен жұмыс</b>	<p>Әр жұп термин сөздерді бір –бірімен сәйкестендіреді.</p> <p>Ұжым атқаратын ісін өз еркімен жүргізу.</p> <p>Өзін-өзі басқару нақты топпен жасалатын іс</p>	
<b>Үлестірмелі карточкалар</b>	<b>Жауынкұрттың тапсырмасын орындау «Синквин» әдісі бойынша «бес жол өлең жазу»</b>	
	<b>1. Оқушы</b>	
	<b>2. білімді, тәртіпті,</b>	
	<b>3. оқиды, жазады, ойнайды,</b>	
	<b>4. Ол өте ұқыпты оқушы.</b>	
	<b>5. Бала.</b>	
<b>Сабақты қорыту</b>	– Сабақтың тақырыбы бойынша қандай қорытынды шығаруға болады?	
	<p>Сабақта атқарған жұмысымыздың қорытындысын шығарамыз:</p> <p>– Сабақта қандай тақырып бойынша жұмыс істедік?</p> <p>– Ұжым дегеніміз не?</p> <p>– Ұжымның басқа топтардан айырмашылығы қандай?</p> <p>– Өзін-өзі басқару дегеніміз не?</p> <p>– Өз сыныбымызды өзіміз қалай басқара аламыз?</p> <p>Сөйлемдерді толықтырыңдар:</p> <p><b>Мен ... сездім.</b></p> <p><b>Мен ...ие болдым</b></p> <p><b>Мен ... үйрендім</b></p> <p><b>... менің қолымнан келді.</b></p>	
<b>Үй жұмысы</b>	Сынып ұжымы жайлы әңгіме жазу. Әңгімеге сыныпта өзін-өзі басқарудың қандай ережелерін ұстанатынын жазу керек.	<b>Дәптер</b>
<b>Кері байланыс</b>	«Алма ағашы» әдісі арқылы бағалау «жасыл алма»- бәрі түсінікті, «сары алма» толық түсінген жоқпын.	

**Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің  
«№3 орта мектебі» КММ**

**Ашық сабақ**

**Пәні: Дүниетану**

**Сабақтың тақырыбы: Біз – әрқашан біргеміз!**

**3 «А» сынып**

**Өткізген : Акишова Ш.Б.**

**Лисаков қаласы  
2018-2019 оқу жылы**

